

Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындары туралы үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 қараша N 1398. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 14.02.2017 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындары туралы үлгі ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 5 қарашадағы
N 1398 қаулысымен
бекітілген

Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындары туралы ҮЛГІ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындары туралы үлгі ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығына сәйкес әзірленген.

2. Ерекше мәртебе білім беру саласындағы орталық атқарушы органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен жеке адамды тәрбиелеуге, оқытуға, оның кәсіби қалыптасуына аса көрнекті үлес қосқаны үшін мемлекеттік жоғары оқу орындарына беріледі.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 733 қаулысымен.

3. Жекелеген жағдайларда мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебені Қазақстан Республикасының Президенті беруі мүмкін.

4. Ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындарының ректорлары қызметке заңнамада белгіленген тәртіппен тағайындалады және қызметтен босатылады.

2. Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындарының өкілеттігі

5. Ұйымдастыру-құқықтық нысаны шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын - ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындары бекітілген шығыстар сметасы шегінде құрылымы мен штаттарын дербес анықтайды, жекелеген нормативтер бойынша еңбек ақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 733 қаулысымен.

6. Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындары ұйымдастыру-құқықтық нысанына тәуелсіз:

1) олардан алынатын кірістерге өздерінің Жарғыларына сәйкес дербес иелік ететін, білім беру, ғылыми-өндірістік және заңнамамен тыйым салынбаған өзге де қызметтің есебінен қаржы және материалдық құралдардың қосымша көздерін тартады;

1-1) кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлаудың тиісті бейіндері бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік орталықтар болып табылады;

2) орталық атқарушы органдармен келісім бойынша оқыту, ғылыми және әдістемелік қызметтер саласында өз нормативтерін әзірлейді, сынақтан өткізеді және іске асырады;

3) кәсіптік жоғары білімді кадрлар даярлаудың білімдік, ғылыми және әдістемелік саласында негізгі тұжырымдамалық ережелер әзірлейді, сынақтан өткізеді және енгізеді;

4) кәсіптік жоғары білімнің көп деңгейлі жүйесі бойынша мамандарды даярлаудың жаңа бағыттарын анықтайды, оларды оқыту мерзімдері мен нысандарын белгілейді;

5) ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлардың бейіні бойынша біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асырады;

б) негізгі қызметінің барлық бағыттары бойынша шетелдік ұйымдармен тікелей шарттар мен келісім-шарттар жасаса, ғалымдар мен мамандардың уақытша ұжымдарын құра, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметіне қатыса алады;

7)

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 733 қаулысымен.

3. Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындарының міндеттері

7. Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орны міндетті:

1) ғылыми-педагогикалық әлеуетті, оқу-материалдық базаны және инновациялық білім беру технологияларын тиімді пайдаланудың негізінде әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, кәсіптік жоғары білімнің ұдайы жоғары деңгейіне кепілдік беруге;

2) жоғары оқу орнының әрбір студентінің, оқытушысының және қызметкерінің жеке тұлғасын білім алу, рухани, мәдени және санаткерлік дамуы үшін неғұрлым жоғары жағдайлармен қамтамасыз етуге;

3) білім беру және өзге де қызмет көрсетулерге ақы төлеуден алынатын қаражат пен кірістерді оқу-әдістемелік базаны дамытуға, кәсіптік жоғары білім мазмұнының сапасын арттыруға, инновациялық білім беру технологияларын енгізуге тиімді пайдалануды жүзеге асыруға;

4) әлемдік ғылыми-білімдік кеңістікте білімнің, ғылымның, техника мен технологияның дамуына мониторингті жүйелі жүргізуге және оларды республиканың жоғары кәсіптік білім беру жүйесіне ендіру үшін білім беру саласының орталық атқарушы органына ұсыныстар енгізуге.

4. Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындарын қаржыландыру

8. Мемлекеттік тапсырыстың шеңберінде республикалық мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындарында мамандар даярлау студенттердің білім грантының немесе несиесінің мөлшерін айқындаған кезде оқытуға арналған нақты шығындарды ескеретін жеке норматив бойынша республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

9. Кәсіптік жоғары білім беретін және ерекше мәртебесі бар республикалық мемлекеттік мекемелер шығыстардың жеке сметалары бойынша республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылады.

10. Ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан, ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамына және басшылық ететін қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жалақылар мен тарифтік ставкалардың белгіленген мөлшерлеріне 1,75 арттыру коэффициентімен жүзеге асырылады.

Осы тармақ 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 733 қаулысымен.

Мамандар: Багарова Ж.А., Қасымбеков Б.А.